

Б.Х. Хамзеева, Ж.Н. Қазиева

ПОСТМОДЕРНИЗМ ҰҒЫМЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ? (ТАЛДАУ ЖАСАУ)

Өкінішке орай, қазіргі кезде ең жиі қолданылып жүрген постмодернизм ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Әңгіме оның мағынасының кеңдігінде, немесе көпқырлылығында және таңдаулылығында ғана емес. Постмодернизм ХХ ғасырдың соңындағы мәдениеттің салаларында, өнерде, философияда, ғылымда, саясатта болып жатқан құбылыстардың кең шеңберімен байланысты. Осының өзі оны түсіндіруге қиындық тудырады. Басты проблема постмодернизмнің мәні туралы нақты түсініктің болмауы, әрі айқын, әрі адамды баурап алатын, теледидардан, кинода жиі естілетін, журналдарда, көркем әдебиеттерде кездесіп қалатын осы сөздің (постмодернизм) тасасында нендей мағына жатыр деген сауалдардың туындауында. Көптеген осы терминді қолданып жүргендер оның мәнісін дұрыстап түсіндіріп бере алар ма екен, түсіндіре алған күннің өзінде олардың әрқайсысы осы ұғымның мағынасын өздеріне лайықтап түсіндіруге тырысады. Мынандай парадоксалдық жағдай туындайды, «постмодернизм деп жазып, іліп қойған плакаттың астында спектакльдер қойып, өлеңдер жазуға ғана болмайды, сондай-ақ, құймақ пісіруге, әлем-жәлем киінуге, сүйісуге және керісуге, сонымен қатар әлемдік мәдениеттің қойнауынан кез келген өзін ұнаған авторды алып пір тұтуына болады» [1]. Постмодернизм модаға айналды, және оны өзіне пір тұтуда, мінеп-сынауға модаға айналды. Осының екеуі де тепе-тең жағдайда постмодернизмнің нақты анықтамасының жоқтығын жеңілдітеді. Соған қарамастан, постмодернизм проблемасы ғылыми ортадағы көптеген жылдар бойы, яғни кем дегенде жиырма жыл бойы ең көп талқыланатын проблемалардың бірі. Сондықтан постмодернизм терминінің шығу тарихын, мәндік сипаттамасын, қазіргі кезеңдегі мәдениеттің қалыптасуында алатын ролін түсіндіру өте маңызды болып табылады.

Осы аталған қарапайым емес ұғымды түсіндірудің қайнар көзі мына анықтама болып табылады: постмодернизм – белгілі бір даму деңгейіне жеткен қоғамның негізгі тенденцияларын, бағдар-бағытын білдіретін дүниеге көзқарас. Сондай-ақ бұл көзқарас белгілі-бір бірыңғай теорияға немесе ілімге сәйкес келмейді, оны білімнің алуан түрлі саласын қамтитын, түрлі ыңғайлар мен көзқарастардың ауқымды спектрі ретінде қарастыру керек. Дегенмен де осыған қарамастан оларды біріктіретін, ортақ бір нәрсе бар деп ойлау керек. Нақты бір дәуірдің кез келген интеллектуалдық

іс-қызметінің негізінде жатқан жалпылықты «уақыт рухы» деп атау дәстүрге айналған. Постмодернизм комплекстік (кешендік) идеялық ағым ретінде осы уақыт рухының квинтэссенциясын білдіреді, қалай болғанда да, ол (постмодернизм) бүгінгі күннің рухани ақуалын бейнелеп көрсетеді. Постмодернизмнің басты ерекше белгісі бірден бір дұрыс деп есептелетін, жалпы теорияның көмегі арқылы әлемді бір тұтас бөлінбейтін деп қарастыруға мүмкіндік бермейтіндігі.

Постмодернизм деп әдебиеттегі, архитектурадағы, ғылымдағы т.б. жеке бір ағым деп түсінуге болмайды, керісінше «постмодерн» деген атау алған нақты бір дәуірдің көзқарасын білдіретін жалпы көрінісі.

Ереже бойынша, осы екі ұғымды ажырата білу керек деу қабылданған [2] – «постмодерн» «модерннен» кейінгі келетін дәуірді білдіреді; ал «постмодернизм», осы тарихи кезеңдегі мәдениетті білдіреді.

«Постмодерн» және «постмодернизм» терминдері «пост» деген жалғаудың көмегі арқылы пайда болды. «Пост» жалғауының мәндік мазмұнын дұрыс түсіну постмодернизмнің мәнін ашып түсіндіруде маңызды орын алады. «Постмодернизм» ұғымы жайдан-жай пайда болған жоқ, сондықтан терминологиялық қиындықтар аяқталмайды. Оның мәнін нақтылаудың қиындығы «модерн» туралы трактовкалардың көптігінде. Сондай-ақ, модерн және модернизм ұғымдарының астарында не жатқанын білу тікелей постмодерн және постмодернизм ұғымдарын қалай түсінетіндігімізге байланысты. Осыған байланысты «модерн» ұғымының негізгі мәндік мағынасын қарастырамыз. Ең алдымен, modern сөзі «қазіргі кезең» деген мағынаны білдіреді. Оның екі мәндік мағынасы бар: біріншісі қазіргі кезең «қазіргі кезең талабына сай», екіншісі модернге, яғни модернизмге. Өз кезегінде «модерн» терминімен мәдени құбылыстардың ауқымды тобы белгіленеді. Тар мағынада, «модерн» ұғымы деп XIX ғ. – XX ғ. басындағы көркем-әдебиеттік қозғалыс түсінілді. Ал кең мағынада «модерн» ұғымы Жаңа заман (Modernity) деп аталған белгілі бір дәуірге сәйкес келген тарихи кезеңді айқындайды. Бұл дәуір Антикалық және Ортағасыр дәуірінен кейін келді. Осы екі дәуірдің жиынтығы «Pre-modernity» (предмодерн) деп аталады. Модерн тарихи дәуір ретінде модернизм деп аталған ерекше философиялық және ғылыми көзқараспен сипатталады.

Өкілдері - Бэкон, Декарт, Ньютон, Гегель, Маркс және т.б. Бұл көзқарастың негізгі идеясы - адамның ақыл-ойының әлемді нақты объективті заңдылықтарға бағынатын, біртұтас жүйе деп қарастыруға мүмкіндігіне деген сенім, сондай-ақ, табиғат пен қоғамның негізгі заңдылықтарын табу тарихи прогресске әсер етіп қана қоймайды, сонымен бірге әлемді соған сәйкес қайта құруға мүмкіндік береді деген сенім. Осылайша, модернизм өзінің теоретикалық құрылымында адам абсолюттік білімге жете алады, сөйтіп ол оны жүзеге асыра алады дегенді білдіреді. Осы жерде мынаны атап өту керек: бұл қағида Жаңа Заманнан бұрын пайда болды, бұл кезеңде аталған қағида теоретикалық және практикалық қолданысқа толық енген болатын. Осы факторды естен шығармауымыз керек, себебі осы түсінікке көп нәрсе байланысты. Атап айтқанда: «постмодернизм» дегеніміз не: «модерннен» кейін келген нақты тарихи кезеңнің ақуалы ма, немесе, идеялық ағым ба?

«Модерннің» мәндік сипаттамасын айқындайтын тағы бір маңызды факторды атап өткен жөн. Модерн нақты бір тарихи дәуір ғана емес, - ол тарихты төменгі формадан жоғарғы формаға қарай өрлейтін процесс ретінде қарастыратын нақты дүниетанымдық позиция. Бұл позиция бойынша, дамудың жаңа сатысы өткенді басып озып, керек болса жоққа шығаруы керек. «modern» сөзі латынның – modo «жуырда» деген сөзінен туындайды. Осылайша модерн дегеніміз жаңаға бағытталған, өткеннің «адасуын» түзеуге тиіс, болашақ қоғамның фундаменти бола алатын дәуір деп қорытынды жасай аламыз.

«Модерн» терминінің мағынасын талдауды аяқтай келе, оны талдаудың тағы бір нұсқасына тоқтала кеткен жөн. П.Козловски «модерн» ұғымының талдаудың нұсқасы көп,- деп есептейді. Дегенмен де, «модерн» ұғымының мазмұнының жинақталған түсіндірмесін беруге тырысып көрелік. Модернді жеке бір тарихи кезең деп қарастыруға болмайды, оны өзінің бастауын Ежелгі Грециядан алатын, христиандық дәуірден өтетін, сөйтіп толық көрінісін Жаңа Заманнан табатын тарихи жоба деп қарастырған жөн. Осы тарихи, яғни дүниетанымдық жүйені Хабермас айтқандай, «модерннің жобасы» деп айтуға болады. Оның мынандай сипатты белгілері бар:

- шындықтың алуантүрлілігін бірыңғай негізден шығаратын әлемнің универсальдық бейнесін жасауға ұмтылу;

- осы негіздер туралы адамның ақыл-ойының абсолюттік білімге қол жеткізе алатындығына сенім білдіру;

- осы білімді шын мәнінде толығынан жүзеге асыруға ұмтылу;

- осындай жүзеге асыру адам бағытын ұлғайтуға әсер етеді деген сенім;

- адамзат дамуының біртіндеп дамитындығына деген сенімділік, бұл жерде қазіргі өткен дәуірден, ал болашақ бүгінгіден үстем болады.

Модернді тарихи жоба деп қарастыру көптеген проблемаларды шешуге көмектеседі және бұл ұғымның мағынасының көп мағыналылығын көрсетеді. Сондай-ақ, модернді осылайша түсіну, модернистік тенденциялармен қатар антимодернистік түсініктердің бар екенін білдіреді. Мысалы, Жаңа Заманда модернистік көзқарас үстем болған тұста де Сад, Ницше, Джойс т.б, фигураларды өмірге әкелді.

Енді постмодернистік дүниеге көзқарас қашан пайда болды, «модерн» мен «постмодерн» дәуірлерінің хронологиялық шегі қайда деген сауалдаға жауап іздестіріп көрелік. Зерттеушілердің ешқайсысы да, «модерн» қашан өткен кезеңге айналды, ал «постмодерн» өзінің құқығына қашан ие болды деген сауалдарға нақты жауап бере алмайды. Бұл қиындықтың алғашқысы – ол «постмодерн» терминінің қашан пайда болуына байланысты. Әңгіме «постмодерн» ұғымы оның пайда осы дәуірде пайда болды деген дәуірінен бұрын пайда болды, бірақ ол кезде бұл термин әлі де бүгінгі күнгі мағынасына ие бола қойған жоқ еді. Солай бола тұра бұл кезең «постмодерн» деген ұғымды қолдана бастаған кезеңнен басталады. Бұл ойды түсіндіре кетелік. А.В.Гулыга «постмодерн» терминін 1917 жылы неміс философы Рудольф Панвиц қолданған дейді. Р.Панвиц бұл терминді европа мәдениетінің құлдырауын болдырмауға ұмтылған жаңа адамдардың дәуірін анықтау үшін қолданған. Бұл тұрғыдан біз Ницшенің «жоғарыадам» идеясын ғана кездестіреміз. «Постмодерн» ұғымдарын 1934 жылы Фредерико де Ониз және 1939 жылы Арнольд Тойнби қолданған [3]. Кейінірек бұл терминді біз АҚШ-да 60-жылдары әдебиеттегі талас-пікірлердің барысында кездестіреміз. Бұл кезеңде «постмодерн» авангардық әдебиеттің дағдарыстық хал-ақуалы бейнеленді.

Кейіннен оған оң мән-мағына беріліп, дағдарыстан алып шығады деп үміт артты.

Осы кезде «постмодерн» деп жаңа архитектуралық стильдерді, адамдардың тек қана жақсы өмірге ұмтылуларын ғана емес, сондай-ақ көзге түсуге ұмтылуларын, эстетикалық ләззат алуға ұмтылуларын да айтты.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «постмодерн» және «постмодернизм» терминдері бүгінгі күнгі мәндік мағынасына бірден ие болған жоқ. 70-ші жылдардың соңы – 80-ші жылдардың басында бұл терминдермен бір дәуірдің көзқарастары анықталған жоқ, жеке мәдени құбылыстар мен

уақиғалар анықталды. Сондықтан бұл термин философияның қарастыратын терминдерінің қатарында болған жоқ. «Постмодернизм» ұғымы философиялық ұғым ретіндегі статуска (мәртебеге) 1979 Ж.-Ф. Лиотардың «Состояние постмодерна» деген еңбегі жарыққа шыққаннан кейін ие болды. «Постмодернизм термині «уақыт рухын» бейнелеп көрсететін термин ретінде қолданылды. Өзінің шығармасында алдына қойған мақсатын айта келе Лиотар былай дейді: «Бұл зерттеудің пәні қазіргі кезеңдегі анағұрлым дамыған қоғамдардың білімінің қал-ақуалын зерттеу. Біз оны «постмодерн» деп атауды жөн көрдік. Бұл сөз... трансформациядан кейінгі мәдениеттің хал-ақуалын бейнелеп көрсетеді [4]. Постмодерн дәуірін сипаттай келе, Лиотар оны қалыптасқан факт деп қарастырады.

Постмодернистік дәуірдің өзінің құқына ие болуы біртіндеп, байқалмай өтетін процесс ретінде қарастырылды. «Постмодерн радикалды, айқын белгіленген хронологиялық уақиға емес. Уақыт жағынан ол 60-жылдардың аяғында басталып», бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Бұл жерде постмодернизмді қандайда бір нақы дәуірмен байланыстыруға болмайды, өйткені постмодернистік көзқарастарды оның пайда болған күніне дейін-ақ кездестіруге болады. Мысалы, постмодернизмнің көрнекті өкілі Умберто Эко «постмодернизм арнайы белгіленген хронологиялық құбылыс емес, ол рухани хал-ақуал...Бұл тұрғыдан қарағанда деп жалғастырады ол өз ойын, - әр дәуірдің өзінің постмодернизмі бар деген фраза дұрыс» [5]. Эконың позициясына Н.С.Автономованың көзқарасы жақын келеді. Ол постмодернизмді батыс мәдениетінде кезең сайын қайталанып отыратын әлденендей жаңалықтың нышаны ретінде баға береді (6). Эконың «әр дәуірдің өз постмодернизмі бар» деген сөзін тасымалды түрде қараған жөн. Әсіресе өткен «постмодернизмдер» оқшауланған болды. Ал қазіргі кезеңдегі постмодернизм жаһандық сипат алып отыр, сондықтан жақшаның қажеті жоқ [7]. Оның жаһандық сипат алуы XX-шы ғасырдың соңы батыстық өркениетте – постмодерн дәуірінің басталған кезеңі.

Басты тарихи уақиғаға постмодерндік мәдениеттің қалыптаса бастаған кезеңін жатқызуға болады. Бұл өзгерістер экономикасы дамыған елдерде алпысыншы жылдардың екінші жартысында басталды және оған индустриалдық қоғамнан постиндустриалдық қоғамға немесе ақпараттық қоғамға көшуге өтудің басталуы деп сипаттама беруге болады. Міне нақ осы кезеңде постмодерндік кезеңнің базисін құраған электрондық технологияның ең озық түрлері дами бастайды.

Постмодерннің пайда болуы постиндустриалдық немесе ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тығыз байланысты. 60-70-жж. бұл қоғамның теориясының негізін салушылар Д.Белл, Д.Рисман, А.Тоффлер, З.Бжежинский, т.б.Осылайша постмодернизм қазіргі кезеңнің технотрендтік сипатын айқындайды және оны өзінің категорияларына енгізіп, түсіндіруге тырысады, мәні бойынша, ақпараттық қоғамның дүниеге көзқарасы ретінде қарастырады.

60-шы жылдардың соңының постмодернизмнің пайда болуының кезеңі делінуіне Маркстің жобасынан бастап, Маркузенің жобасымен аяқталған «ұлы тарихи жобаларды» күштеп қайта құру мүмкіндігіне деген түпкілікті түңілу себеп болды. Бұл оқиғаның шырқау шегі 1968 жылы болған әлеуметтік-саяси оқиғалар болды. Бұл кезеңдегі ерекше маңызды орынды Францияда май (мамыр) айында болған қоғамды революциялық жолмен қайта құруды талап еткен солшыл радикаль күштердің толқулары алды. «1968 жылдың мамыры (майы)» француз философтарының ортасында үлкен резонанс тудырды, олар бұл оқиғаны бүкіл батыс қоғамының дағдарысының көрінісі деп бағалады. 1968 жылы солшыл радикаль күштердің жеңіліске ұшырауы «модернистік сценарий» бойынша қоғамды өзгерту мүмкіндігіне деген түңілудің салдары еді. Осылайша, «1968 жылдың мамырын» постмодернистік дүниеге көзқарастың қалыптасуының бастауын білдіретін шартты шебі деп есептеуге болады. Сонымен бірге осы уақиғаға байланысты постмодернизмнің философиялық базасын жасаған тәуелсіз идеялық ағым постструктурализм пайда болды. Сондай-ақ, 1968 жылдың Францияда «жаңа философтардың» мектебінің пайда болғанын да атап өткен жөн.

Постмодерннің қалыптасуы тек қоғамдағы әлеуметтік-саяси процесстермен ғана байланысты емес. Дәуірлердің алмасуының индикаторы әрқашанда өнердегі жаңа ағымдардың пайда болуы екені мәлім. «Тек қана рухани мәдениетте - деп атап көрсетеді Л.Зыбайлов және В.Шапинский, - постмодернистік ментальдықтың модельдері қалыптаса бастайды және олар өздерін өнерде көрсете бастайды...» [8]. 60-шы жылдардың екінші жартысы шығармашылық іс-қызметте батыс қоғамында постмодернистік трансформациялық процесстің басталғаны байқала бастады. Ол әсіресе әдебиет саласынан көріне бастайды. 60-шы жылдары Владимир Набоков, Джон Барт, Томас Пирчон, т.б. авторлар бір-бірінен тәуелсіз рухы жағынан жақын әдеби шығармалар жаза бастайды. Олардың кітабын туыстырған ерекше «жазу стилі» еді. Оның сипатты белгілері: жанрлардың араласуы, алдын-ала белгіленген құрылымның,

сілтемелердің, иронияның жоқтығы. Осы ерекше стильді постмодернизмнің әдебиетте пайда болуы деп есептеу қабылданған. Постмодернистік тенденциялар сондай-ақ осы кезеңде архитектурада байқала бастайды. 60-шы жылдардың соңында постмодерн тәуелсіз стиль ретінде бекіді.

Постмодернизмнің ғылымда қалай көрініс бергеніне соқпай кетуге болмайды. Постмодернистікке өзінің рухы жағынан Илья Пригожиннің әлемнің тұрақсыздығы туралы гипотезасы жақын. Пригожиннің көзқарасы жаратылыстану саласындағы дәстүрлі ыңғайларды түбірінен қайта қарастырған өзіндікұйымдастыру (синергетика) теориясының негізін қалады.

Қоғам мен мәдениеттегі өзгерістер философияның назарынан тыс қала алмады. Францияда постструктурализм деген атау алған жана идеялық ағым пайда болады. Постструктурализм идеялары Жак Дерридің еңбектерінен айқын көрінеді. Жак Деррид постструктурализмнің философиялық базисін салып қана қойған жоқ, ол сонымен бірге ол постмодернизмнің де негізін салды. Дерридің концепциясының негізгі ұғымы деконструкция болып табылады. Сол кезеңдегі философияның хал-ақуалын дағдарыстағы жағдайда деп бағалаған ол, - одан шығудың жолы деконструкцияда деп есептейді. Бұл ұғым бойынша философиялық ойлаудың жиегін кеңейтуге болады. Осы әдістің негіздерін ол өзінің 1967 жылы жарыққа шыққан «О грамматологии» деген еңбегінде атап көрсетеді.

Постмодернизмнің пайда болу мәселесіне қайта орала отырып, мынаны атап өтеміз: постструктурализм постмодернизм философиясынан он жыл бұрын пайда болса да, ол (постструктурализм) өзінің рухы, идеялық бағыты және методологиясы жағынан постмодернистік дүниеге көзқарастың версиясы болып табылады. Постмодернизм философиялық ағым ретінде постструктурализмнен туындайды және онымен тығыз байланыстылығы сонша, ол екеуінің шегін бөліп көрсету қиынға түседі. Осылайша, постструктурализмді постмодернизм философиясының алғашқы негізін салушы кезең ретінде түсінуге болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мынандай тұжырым жасауға болады: постмодернизмнің қашан пайда болғандығы туралы хронологиялық белгісіздік постмодернизм ұғымын түсіндіруге қиындық туғызады. Тағы бір қиындық постмодернизм бірыңғай, біртұтас теория емес. Тек философия саласының өзінде постмодернизм көптеген идеялық ағымдарды қамтиды. Олардың ішінен Дерридің, Фуконың, Делездің, Барттың постструктуралистімен қатар, француз «жаңа философиясын» да, сондай-ақ тікелей

постмодернизмнің өкілдері Лиотар, Бодрийяр, Джеймсон т.б. зерттеулерін де кездестіруге болады.

Постмодернизмнің нұсқаларының санының көптігі бұл құбылыстың пайда болуы туралы бірыңғай тұжырым жасауға қиындық әкеледі. В.Новиков, былай деп атап көрсетеді: постмодернизмнің нұсқасының көптігін университеттердің санының көптігімен, одан әрі оларда жұмыс істейтін профессор-оқытушылардың санымен салыстыруға болады [9]. Осындай жағдай постмодернизм деген не деген сауалға жауап беруге қиындық тудырып отыр.

Постмодернизм туралы алуантүрлі түсіндірмелерімізді қорытындылай келіп, осы ұғымның мәнін анықтауға тырысып көреміз. Постмодернизм - XX ғасырдың соңында пайда болған ерекше дүниегекөзқарас деп түсінуіміз керек. Оның басты ерекше белгісі плюрализм, яғни бірізгіде алуан түрлі көзқарастардың болатындығымен келісуіміз керек.

Егер де, постмодернизмді билософиядағы бағыт, немесе басқаша айтсақ, постмодернистік философия деп сөз ететін болсақ, онда постмодернизм деп, - XX-шы ғасырдың соңында кең етек алған алуантүрлі теориялардың жиынтығы постмодернистік дүниегекөзқарасты айтамыз. Бұл теориялар өздерінің алдына мына төмендегідей міндеттерді қояды:

- классикалық рационализм принциптерімен метафизикалық ойлаудың дәстүрлі бағыттарын сынау;
- қазіргі қоғамда болып жатқан процесстерді түсіндіру;
- модернистік жобалардың енуіне салдар болған, XX ғ.мәдениетте дағдарыстық құбылыстарды жеңуге қабілетті дүниеге көзқарастың жаңа негіздерін жасау.

Постмодернизм туралы шолуымызды аяқтай келе, бұл феноменнің қарама-қайшылығын ескере отырып, оған анықтама беруде шектен шықпауды ескерген жөн. Постмодернизмнен қорқудың қажеті жоқ, оған байланыстының бәрін қара деп, немесе бәрін күлгін түсте қабылдаудың да қажеті жоқ. Постмодернизмді «арыстан басты, айдаһар құйрықты, ешкі денелі», яғни үйлеспейтіндерді үйлестіретін дүние ретінде қарастырудың да қажеті жоқ. Керісінше, қазіргі кезеңдегі фантастикалық күрделі қоғамда өтіп жатқан, әдеттегі процесстердің шеңберіне сәйкес келе бермесе де шындықтың бейнесі деп ұғыну керек.

1. Вайнштейн О.Б. Постмодернизм история или язык. // *Вопр. философии*. 1993. № 3-7.
2. Козловски П. *Современность постмодерна* // *Вопросы философии*. 1995. № 10. с.87.

3. Пантин В.И. Ритм общественного развития и переход к постмодерну// *Вопр. философии*. 1998. № 7. с.3.

4. Лиотар Ж-Ф. *Состояние постмодерна*. М., 1988. с.9.

5. Эко У. *Заметки на полях «Имени розы»*. М., 1997, с.635.

6. Автономова Н.С. *Возвращаясь к азам*// *Вопр. философии*. 1993. № 3. с.17-23.

7. Затонский Д. *Постмодернизм в историческом интерьере*//*Вопр. философии*. 1996. № 3, с.197.

8. Зыбайлов Л.К., Шапинский В.А. *Постмодернизм*. М., 1993, с.4.

В статье автор рассматривает идею постмодернизма.

Author discussed the problem of modernism.

Ж.А. Амиркулова

ӘЛ-ФАРАБИ ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНДА

Ислам философиясының шоқтығы биік ең ірі өкілі ғұлама философ, ұлы жерлесіміз Әбу-Насыр әл-Фарабидің тарихи отанына қайтып оралуына себеп болған жағдаяттар туралы сөз қозғағанда ғалымдар көп жағдайда ХХ ғасырдың 80-ші жылдарындағы кеңес мемлекетінде қылаң бере бастаған «кіші ұлттар» тарихы мен мәдениетіне жаңа жұмсақ көз қарасқа сілтеме жасайды. Шын мәніне келсек, бұл бөлектеніп алынған бір мемлекет ішіндегі саясаттың өзгергені ғана емес, Шығыс, оның ішінде, мұсылман әлемінің рухани қазынасына көңіл аударып, мән бере бастағандық еді. Бұл өзгеріс өздігінен немесе Батыс ғалымдарының Еуропацентрлік көзқарастарының ғажайып түрде Шығысцентрлік түсінікке ойыса қалғанынан емес, белсенді күрес арқылы мүмкін болады.

Әл-Фараби еңбектері ХІІ-ХІІІ ғғ. өзінде-ақ көптеген Еуропалық мемлекеттерге кеңінен таныма болды. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен әл-Фарабидің арқасында ғана танысуға мүмкіндік алды. ХІІ ғ. ағымында оның «Ғылымдар классификациясы» еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. ХІІ ғ. мен ХVІІ ғ. аралығында әл-Фарабидің еңбектері – «Зерденің мәні туралы», «Мәселелердің бастауы», Аристотельдің «Физика», «Поэтика» шығармаларына түсініктемесі, «Бақытқа жету жолдары туралы», логика бойынша трактаттары бірнеше рет латын тіліне аударылды. Фарабидің кейбір трактаттары бізге тек латын жазбасымен жеткен, олардың араб тексіндегі қолжазбалар сақталмаған [2, 322-333].

Фарабидің еуропалық ғылымға ықпалы оның Ибн Сина, әсіресе Ибн Рушд секілді ізбасарлары арқылы да жүзеге асты. Аверроизм ХІІІ-ХІV ғғ. прогрессивті француз және итальян философиясының негізі болды. Батысеуропалық ортағасырдың ірі ойшылдары

Р.Бэкон, Д.Скот әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Рушд және т.б. ғалымдардың шығармаларын өздерінің теориялық құрылымдарында қолданды. Аса жоғары сенімділікпен Спинозаның кейбір трактаттарының бағыттылығы мен құрылымы жағынан Фарабидің еңбектеріне жақындығын айтуға болады. Осман Әмин әл-Фараби мен Спиноза трактаттарының аяқтамаларының да ұқсастығын айтады.

Қорытынды жасап, былай айтуымызға болады: Аристотель әл-Фарабидің арқасында Аристотель болды. Алдыңғы Шығыс философиясында (Ибн Сина, Ибн Рушд) қарастырылған мәселелер алғаш оның еңбектерінде көтерілген болатын. Ортағасырлық Еуропа ежелгі грек философиясымен оның еңбектері арқылы танысты (тікелей немесе оның ізбасарлары Ибн Сина, Ибн Рушд, Маймонидтің еңбектері арқылы). Фарабидің философиясы оның шығыстағы ізбасарларының еңбектерінің арқасында байып, латын аверроистері арқылы өтіп, Қайта өрлеу дәуірінің үлесін қабылдап, Спинозаның материалистік және атеистік философиясында, кейінірек – француз энциклопедистерінің ілімдерінде дамыды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында Нахды (араби өркендеу) қоғамының қайраткерлері мұсылман әлемінің рухани қазынасын қайта жаңғырту мәселесін көтерді. Саяси егемендік алу жолындағы күресте арабтардың ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру қажеттігі пайда болды. Ал ұлтжандылық қасиеті тәрбиелеудің ең маңызды құралдарының бірі-халықтың бай өткен тарихы мен мәдениетінің мақтаныш тұғырына көтеру.

Ортағасырлық араб тарихында жалпы адамзат өркениетінен ең жоғарғы деңгейде өздеріне тиісті орын ала алатын мәдениет және ғылым қайраткерлері көптеп кездесті. Бірақ олардың